

АБИТУРИЕНТТЕРДІ БОЛАШАҚ МАМАНДЫҚТЫ ТАҢДАУҒА БАУЛУДЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

*Асылбекова С.К.¹, Давлетова А.Х.²

^{*1}докторант, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

e-mail: asylbekova_sk@mail.ru

²п.ғ.к., доцент м.а., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

e-mail: ainash_5@mail.ru

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақстандық мектептер мен ЖОО-ның кәсіби бағдар берудегі жұмыс мәселелері қарастырылады, осы жұмысты жүргізудің негізгі ережелері мен тәртібі баяндалады. Мақаланың мақсаты жоғары оқу орындарына түсу кезінде жүргізілетін іс-шараларды зерттеу болып табылады, шетелде қолданылатын әдістер мен ұсынымдар зерделеніп, ұсынылды. Г.Резапкинаның модификациясында атақты литвалық психолог Л.Йовайшидің жоғары сынып оқушыларына (мектеп түлектері мен талапкерлерді қоса алғанда) «Кәсіби бейімділікті анықтау» тесті ұсынылды. Оқу мотивациясын анықтаудың әртүрлі әдістері ұсынылған. Талдау негізінде А.А. Реан мен В.А. Якунин ұсынған әдісі ең қолайлы әдіс ретінде таңдалды. Бұдан әрі осы әдістеме бойынша Қазақстанның үш жоғары оқу орнының докторанттары мен магистранттарының арасында жүргізілген эксперимент барысында сауалнама алынды, ал оның басты мақсаты жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді таңдау кезінде олардың нені басшылыққа алғанын және нені көздегендерін анықтау болды. Бұл мақалада жоғары оқу орындарында сауалнамаға қатысқан білімалушылардың нәтижелерін қарастыру нәтижесінде оларға мектеп жылдарында дұрыс кәсіптік бағдар берілмегені анық болды. Бұл жердегі мамандықты таңдау респонденттердің қалауы емес, ата-аналардың, достарының және тағы басқа «көмекшілердің» таңдауы екені анықталды. Талдау жүргізілді және жүргізілген эксперименттің негізгі кезеңдері сипатталды. Алынған нәтижелер жүргізілген зерттеудің өзектілігін растайды. Осы мақалада талқыланған мәселе біздің елде аз зерттелгендіктен, болашақта түлектерге үлкен көмекші құрал ретінде қолданыла алады. Яғни, зерттеу нәтижелері мен қолданылатын әдістер үміткерлерге мектепті тәмамдағаннан кейін болашақ мамандықты таңдауда дұрыс шешім қабылдауға көмектеседі.

Тірек сөздер: кәсіптік бағдар беру, талапкер, кәсіптік жарамдылық, қабілеттер, кәсіби бейімділік, болашақ мамандық, бәсекеге қабілетті тұлға, оқу мотивациясы

Кіріспе

Дәуіріміздің өзгеруі мен қарқынды дамуы, өмір сүру салтының өзгеруі, қарым-қатынас жүргізудің тәсілдері мен құралдары, әл-ауқатты жақсартып дамытуда адамзаттың зияты негізгі құрал ретінде аса бағаланып, өзіне ерекше көңіл аударуда. Сол себепті отандық қоғамымыздың алдыңғы қатарлы мәселелердің ішінде өзгеріске ұшырап келе жатқан заманда тек ел қатарлы тіршілік жасау ғана емес, оған қоса күнделікті тіршілігімізді алға сүйреп, бүгінгі өзгерістерге жауап бере алатын бәсекеге қабілетті тұлғаны тәрбиелеу өзекті орында тұр. Кез келген істе белсенді, кретаивті, елдің, отбасының алдында

жауапкершілігі мол, зияты жоғары деңгейде, өзінің мамандық саласында құзыретті, өмір бойы білім алуға дайын әрі ынталы болу сияқты мінездемелер біздің заманымызға сай тұлғаның бойында болуы абзал [1].

Бүгінгі таңда жастар мен оқушылар арасында мақсатты кәсіптік бағдарлау жұмыстарын жүргізуге үлкен назар аудару қажет, ол жеке тұлғаның кәсіби ниеттерін қалыптастыруды және оны жүзеге асыру жолдарын анықтайтын негізгі факторлардың бүкіл жүйесін терең білуге негізделуі керек.

Негізгі ережелер

Кәсіптік бағдар беру – бұл жастарға мамандық таңдаудағы қабілеттер мен бейімділіктерді, кәсіби және танымдық қызығушылықтарды анықтау мен дамытуға жеке-бағдарланған көмек көрсету бойынша әлеуметтік-экономикалық, психологиялық-педагогикалық, медициналық-биологиялық және өндірістік-техникалық шаралардың ғылыми негізделген жүйесі, сондай-ақ нарық жағдайында қажеттілік пен еңбекке дайындықты, меншік және кәсіпкерлік нысандарының көптүрлілігін қалыптастыру. Ол оқу-тәрбие процесі, оқушылармен сабақтан тыс және мектептен тыс жұмыстар арқылы жүзеге асырылады [2].

Бүгінде әрбір қазақстандық ЖОО мектептерде өзінің білім беру бағдарламалары бойынша кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізеді. Бұл жұмыс білім алушыларға оқу профилін және болашақ кәсіби қызмет саласын таңдау үдерісінде кәсіби бағдар беру болып табылады. Белгілі бір білім беру бағдарламасының мәні, оның күшті және әлсіз жақтары, мүмкіндіктері мен болашақтағы мүмкіндіктері ашылады. Әрине, ЖОО-ға түсу тәсілдері мен ережелері туралы ақпарат беріледі, атап айтқанда Ұлттық бірыңғай тестілеуі туралы, бейіндік пәндер туралы және тест нәтижелері бойынша грант ұтуға қатысу тәртібі және т.б.

Роттердам қолданбалы ғылымдар университетінің голландиялық ғалымдарының зерттеу нәтижелері мектепте жүргізілетін болашақ мамандыққа бағытталған жұмыс әрқашан күшті кәсіби сәйкестікпен байланысты екенін көрсетеді [3]. Оқуға эмоционалды қатысуды ынталандыру әсіресе жас, аз келісімді, ынтасы аз және төзімділігі төмен оқушылардың кіші топтары үшін маңызды болды. Бұл жұмыстың нәтижелері біздің зерттеу бағытымыздың өзектілігін дәлелдейді.

Тұңғыш президент Н. Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстан-2050» стратегиясында білім мен кәсіби дағдылар қазіргі заманғы білім беру, кадрларды даярлау және қайта даярлау жүйесінің негізгі бағдарлары екенін атап өтті [4]. Сондықтан мектептің әр түлегінің алдында «Қайда түсу керек?», «Қандай білім беру бағдарламасын таңдау керек?», «Болашақта қандай мамандықтар сұранысқа ие болады?» және т.б. сұрақтар жыл сайын туындайды.

Хоув-Штраустың ұрпақтар теориясы бойынша [5] ұрпақ тек жасты ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік, саяси, экономикалық, технологиялық

прогресстер мен отбасылық тәрбиенің әсерінен қалыптасатын адамдардың құндылықтарын қалыптастырады және анықтайды. Сондай-ақ, қазіргі уақытта құндылықтары басымдыққа ие қоғамның бір бөлігін бөліп көрсетуге болады.

Бұл теорияға сәйкес, осы жылдары және қазіргі уақытта болған адамдар келесі ұрпақтардың өкілдері:

- үнсіз ұрпақ (туған жылдары 1923-1943);
- беби-бумерлер немесе бумерлер ұрпағы (туған жылдары 1943-1963);
- X ұрпағы немесе Белгісіз ұрпақ (туған жылдары 1963-1983);
- Y ұрпағы немесе Желі ұрпағы, Миллениум ұрпағы (туған жылдары 1983-2003);
- Z ұрпағы (туған жылдары 2003-2023).

Бұл жағдайда біздің назарымызды Z буыны өзіне аударады. Олардың құндылықтары әлі қалыптасқан жоқ. Осы ұрпақтардың әрқайсысының өкілдерінің психологиялық ерекшеліктерін білу қазіргі заманғы бизнесті жүргізуде табысқа жетудің ажырамас шарты болып табылады. Компанияның персоналға деген қажеттілігін жоспарлаудан және корпоративтік мәдениетті қалыптастырудан бастап, тіпті тауарлар туралы ақпаратты жеткізу әдістері мен тәсілдеріне дейін.

Осылайша, осы теорияға сүйене отырып және әр ұрпақтың құндылықтары мен қалауларын талдай отырып, бүгінгі таңда жастар өз жолын біреудің нұсқауы бойынша таңдамайды және ағынмен жүрмейді, олардың көзқарастары мүлдем басқа, олар білім алып қана қоймай, одан барынша мүмкіндік алғысы келеді, пайда алып, пайдалы болуға ұмтылады.

Кәсіптік бағдар беру – бұл мамандықтар әлемімен танысу, оның мақсаты – арнайы әдістер мен құралдардың көмегімен қалаулы, өзіне жақын мамандықты таңдау. Кәсіптік бағдар адамға қолайлы кәсіпті табуға көмектеседі, оның мінезіне, өмірлік құндылықтарына және қолда бар тәжірибесіне негізделеді. Кәсіптік бағдарлаумен бірге «кәсіптік жарамдылық» деген ұғым бар. Шетелдік тәжірибені зерттей отырып, мысалы, Германияның жоғары оқу орындарына түсушілер үшін кәсіби жарамдылық тестін бөліп көрсетуге болады – Eignungsprüfung.

Кәсіптік жарамдылық сынағы (белгілі бір кәсіпке деген қабілеттерін анықтау) – Eignungsprüfung – талапкердің тиісті кәсіпті меңгеру қабілетін және кейіннен осы кәсіпте табысты жұмыс істеуді анықтауға арналған [6]. Неміс жоғары оқу орындарына түсушілер үшін бұл тесттің маңыздылығы, ең алдымен, бірқатар оқу бағдарламалары талапкерлерден оқуға түсуге өтініш берер алдында осы тесттен сәтті өтуді талап етеді, ЖОО-лар талапкердің оқуға деген ынталығы мен қабілеттілігі есебінен ғана емес (мектепте немесе жоо-да жақсы бағалар), сонымен қатар қажетті дағдылар немесе мінез-құлық қасиеттері есебінен оқуға жақсы үміткер болатынына көз жеткізгісі келеді.

Сонымен қатар, Г.Резапкинаның модификациясындағы әйгілі литвалық психолог Л.Йовайшидің орта мектеп жасындағы оқушыларға (мектеп түлектері мен талапкерлерді қоса алғанда) «кәсіби бейімділікті анықтау» сынағы бар.

Л. Йовайшидің әдістемесі сіздің хоббиіңізге, дағдыларыңызға және бейімділіктеріңізге негізделген әртүрлі қызмет салаларына 6 бейімділікті зерттеу болып табылады [7]. Нәтижесінде тестіленуші келесі санаттар бойынша бағыттардың сипаттамасын және қолайлы кәсіптердің мысалдарын алады:

- зияткерлік және зерттеу жұмыстарына бейімділік;
- адамдармен жұмыс істеуге бейімділік;
- тәжірибелік қызметке бейімділік;
- жоспарлы-экономикалық қызмет түрлеріне бейімділік;
- эстетикалық қызмет түрлеріне бейімділік;
- экстремалды қызмет түрлеріне бейімділік.

Әрі қарай, білім беру процесінде жасөспірімдер психологиялық диагностиканың нәтижелерін және білім беру бағдарламаларын зерттеп, университет пен мамандықты таңдауда мағыналы, жүйелі түрде талдап, таңдайды.

Материалдар мен әдістер

Мотивация іс-әрекеттің бағытын, біртұтас іс-әрекеттің ұйымдастырылуы мен тұрақтылығын, белгілі бір мақсатқа жетуге деген ұмтылысты түсіндіреді. Оқушылардың оқу мотивациясын жоғарылату және қалыптастыру, асыра сілтемей, қазіргі мектептің басты мәселелерінің бірі деп атауға болады. Оның өзектілігі оқыту мазмұнын жаңартумен, оқушылардың өз бетінше білім алу және белсенді өмірлік ұстанымын дамыту әдістерін қалыптастыру міндеттерін қоюмен байланысты. Оқыту мен тәрбиелеу саласындағы ең өзекті мәселелер оқушылардың негізгі бөлігінен білім алу мотивтерінің болмауымен байланысты болғандықтан, оның салдары барлық оқу орындарының түлектерінің білімі мен тәрбиесінің базалық көрсеткіштерінің төмендеуі болып табылады.

Әрбір нақты жағдайда білім алушы үшін оқу мотивациясының сипатын және оқытудың мәнін анықтау педагогикалық әсер етудің (ықпал етудің) педагогикалық шараларын анықтауда шешуші рөл атқарады.

Тұлғаның мотивациялық компоненті әртүрлі. Мотивация сияқты кешенді сипаттаманы зерттеу және оны диагностикалау әдістемесін құру үшін білім алу мотивациясындағы ең маңызды компоненттерді көрсететін белгілі бір мазмұндық блоктарды бөліп көрсету маңызды болып көрінеді.

М. Р. Гинзбург, М.В. Матюхина, А.А. Реан және В.А. Якунин және т.б. ғалым-психологтардың ұсынған оқу мотивациясын анықтаудың көптеген әдістері бар. Мысалы, А.А. Реан мен В.А. Якунин ұсынған әдістеменің екі нұсқасы бар, олардың арасындағы айырмашылықтары өткізілу процедурасымен анықталады. Әр студент үшін оқу іс-әрекетінің жетекші мотивтеріне сапалы

талдау жүргізіледі [8]. Бүкіл үлгі (топ) бойынша белгілі бір мотивті таңдау жиілігі анықталады. Белгілі бір мотив неғұрлым жиі таңдалса, оның дәрежесі соғұрлым жоғары болады, соғұрлым ол мотивтер жүйесінде басым болады. Егер біз топтық хаттаманы талдайтын болсақ, онда ұпайлардың қосындысы неғұрлым көп болса, бұл мотив соғұрлым қолайлы (маңызды). Орташа топтық мәндерді, сигмаларды және салыстырылатын топтардағы студенттер санын ескере отырып, студент бойынша t-критерий есептеледі және студенттердің топтары арасындағы олардың оқу іс-әрекетінің белгілі бір мотивінің ауырлығы бойынша айырмашылықтардың дұрыстығы анықталады.


Нәтижелер және талқылау

Біздің зерттеуімізге Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-да, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Павлодар педагогикалық университетінде оқитын магистранттар мен докторанттар қатыстырылып, олардың арасында жүргізілген эксперимент барысында сауалнама алынды. Ол А.А. Реан мен В.А. Якунин ұсынған әдістеме бойынша жүргізілді.

Сауалнаманың мақсаты жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуды дұрыс таңдау туралы хабардарлықты анықтау болды. Әрбір білім алушы үшін оқу іс-әрекетінің жетекші мотивтеріне сапалы талдау жүргізіледі. Бүкіл үлгі (топ) бойынша белгілі бір мотивті таңдау жиілігі анықталады. Осы сауалнама негізінде респонденттердің белгілі бір білім беру бағдарламасы бойынша жоғары оқу орындарына мақсатты түрде түсті ме? Әлде басқа да жағдайдаларға сүйеніп өз таңдауын жасады ма? деген сияқты сұрақтарға жауаптарды анықтап алуға болады. Олар бірінші кезекте нені көздеді дегендей және т.с.с.


Осы сауалнамаға барлығы 60 адам қатысты, алынған жауаптар негізінде келесі нәтижелер алынды.

1-суретте осы сауалнамадағы танымал мотивтердің бірін көрсететін диаграмма көрсетілген «Өз қызметі саласында құзыретті болу». Оны респонденттердің 78,9% таңдады.




Сурет 1 – Мотив: Өз қызметі саласында құзыретті болу

2-суретте респонденттердің 84,2%, яғни көпшілігі терең және берік білім алу үшін жоғары оқу орнынан кейінгі оқуға түскен.




Сурет 2 – Мотив: Терең және берік білім алу

Сауалнамаға қатысқандардың жартысына жуығы (52,6%) магистратураға/докторантураға түсу кезінде курстастарына үлгі болғысы келетінін айтты. 3-суретте осы мотив бойынша сауалнама нәтижесі келтірілген.



Сурет 3 – Мотив: Курстастарына үлгі болу

4-суретте сауалнамаға қатысқандардың 68,4%-ы ата-аналары мен айналасындағылардың мақұлдауын алу үшін жоғары оқу орнынан кейінгі оқуға түскенін көрсеткен. Демек, бұл кейбір респонденттердің оқуға мақсатты түрде түспегеннің айқын дәлелі.



Сурет 4 - Мотив: Ата-аналары мен айналасындағылардың мақұлдауын алу

Жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша респонденттердің білім берудің қандай да бір сатысын таңдағанда, олар білім беру мақсатын көздеп, мақсатты түрде жүргенін растайтын уәждерін көрсететін деректер алынды.

Дегенмен, басқа себептерге негізделген мотивтер де бар, олар біздің болашағымыз туралы еріксіз ойландырып, қатты алаңдатады. Себебі мақсатсыз оқуға түскен адамдар, өз қызметтерінде білікті маман болатыны әбден күмәндандырады.

Осылайша, алынған мәліметтерге сүйене отырып, студент/магистрант/докторант белгілі бір білім деңгейіне түскен кезде ол өзінің кез-келген қалауына/мәжбүрленуіне негізделеді деп айтуға болады. Егер олар «өзімшіл мақсаттарға» ұмтылса, онда мұндай түлектердің (қызметкерлердің) құзыреттілігі мен кәсібилігін айтпағанда, білім мен ғылым саласында олардан жақсы нәтижелер күтуге болмайтыны айқын.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу нәтижесінде білім берудегі кәсіптік бағдар беру жұмысы Қазақстан Республикасы қоғамының құзыретті, кәсіби мүшелерін қалыптастыруда ерекше маңызды орын алатыны анықталды. Ол үшін өзі таңдаған бағытта белгілі бір әлеуетке ие ең қабілетті және мүдделі талапкерлерді анықтау және іріктеу қажет. Жоғары оқу орнына түсу кезінде болашақ студенттердің белгілі бір ЖОО-н таңдау себептерін, олардың мотивация деңгейін анықтау үшін белгілі бір іс-шаралар өткізу қажеттілігі туындайды.

Жүргізілген сауалнама көрсеткендей, іс жүзінде талапкерлер білім беру бағдарламасын таңдағанда белгілі бір дәрежеде ата-аналарының, достарының кеңестерін тыңдайды, кейбіреулері ағынмен жүреді. Сондықтан да теориялық және тәжірибелік білімі ғана емес, атап айтқанда құзыретті кадрлары бар жас мамандарды сапалы даярлау мәселесі туралы қазір ойлану керек. Осылайша, осы бағыттағы зерттеудің практикалық және ғылыми маңызы жоғары деп айтуға болады.

Болашақта жоғарыда аталған әдістерді жүзеге асыру барысында талапкерлер өз болашағын анықтауда дұрыс таңдау жасау мүмкіндігін алады, ал жоғары оқу орындары, жұмыс беруші және жалпы мемлекет өздерінің кәсіби саласында құзыретті түлектерге қол жеткізеді.

ӘДЕБИЕТ

[1] Концепция 12-летнего среднего общего образования в Республике Казахстан», 2010. – Режим доступа: URL: https://astana-bilim.kz/12_let_sred_obr?lang=ru [Дата обращения: 27.05.2022]

[2] Методические рекомендации по профориентационной работе в организациях среднего образования (для руководителей методических кабинетов, заместителей директоров

школ, классного руководителя, педагогов-предметников, педагогов-психологов). – Астана: НАО имени Ы. Алтынсарина, 2022. – 82 с.

[3] Keijzer R. et al. Individual characteristics of students in vocational education moderating the relationship between school engagement and vocational identity //European Journal of Psychology of Education. – 2022. – Т. 37. – №. 4. – С. 1255-1283.

[4] Стратегия «Казахстан 2050». – Режим доступа: URL: https://www.akorda.kz/ru/official_documents/strategies_and_programs [Дата обращения: 10.05.2022]

[5] Howe N., Strauss W. Generations: The history of America's future, 1584 to 2069. – Harper Collins, 1992.

[6] Тест на профпригодность для поступающих в вузы Германии. – Режим доступа: URL: <https://studyinfocus.ru/test-na-profprigodnost-dlya-postupayushhih-v-vuzy-v-germanii-eignungsprufung/> [Дата обращения: 21.05.2022]

[7] Методика психолога Л.Йовайши в модификации Г.Резапкиной. – Режим доступа : URL: https://mujishcola.yam.eduru.ru/media/2020/04/27/1255511908/38.Metodika_psixologa_L._Jovajsh_i_v_modifikacii_G._Rezapkinoy.pdf [Дата обращения: 22.05.2022]

[8] Бадмаева Н.Ц. Влияние мотивационного фактора на развитие умственных способностей: Монография. – Улан-Удэ, 2004. С.151-154.

REFERENCES

[1] Концепция 12-летнего среднего общего образования в Республике Казахстан», 2010. (The concept of twelve-year general secondary education in the Republic of Kazakhstan). – Режим доступа: https://astana-bilim.kz/12_let_sred_obr?lang=ru [Data obrashchenija: 27.05.2022]. [In Rus.]

[2] Metodicheskie rekomendacii po proforientacionnoj rabote v organizacijah srednego obrazovaniya (dlja rukovoditelej metodicheskikh kabinetov, zamestitelej direktorov shkol, klassnogo rukovoditelja, pedagogov-predmetnikov, pedagogov-psihologov). (Methodological recommendations on career guidance work in secondary education organizations (for heads of methodological offices, deputy principals of schools, class teachers, subject teachers, teachers-psychologists) – Astana: NAO imeni Y. Altynsarina, 2022. – 82 s. [In Rus.]

[3] Keijzer R. et al. Individual characteristics of students in vocational education moderating the relationship between school engagement and vocational identity //European Journal of Psychology of Education. – 2022. – Т. 37. – №. 4. – С. 1255-1283.

[4] «Kazakhstan-2050» Strategiyasy. (Kazakhstan-2050 strategy). – Режим доступа: URL: <https://strategy2050.kz/multilanguage/> [Data obrashchenija: 10.05.2022] . [In Rus.]

[5] Howe N., Strauss W. Generations: The history of America's future, 1584 to 2069. – Harper Collins, 1992.

[6] Test na profprigodnost' dlya postupayushchih v vuzy Germanii. (Aptitude test for applicants to universities in Germany). – Режим доступа: URL: [https://studyinfocus.ru/test-na-profprigodnost-dlya-postupayushchih-v-vuzy-v-germanii-eignungsprufung/](https://studyinfocus.ru/test-na-profprigodnost-dlya-postupayushhih-v-vuzy-v-germanii-eignungsprufung/) [Data obrashchenija: 21.05.2022]. [In Rus.]

[7] Metodika psihologa L.Jovajshi v modifikacii G.Rezapkinoy. (Methodology of psychologist L.Yovaishi modified by G.Rezapkina). – Режим доступа: URL: https://mujishcola.yam.eduru.ru/media/2020/04/27/1255511908/38.Metodika_psixologa_L._Jovajsh_i_v_modifikacii_G._Rezapkinoy.pdf [Data obrashchenija: 22.05.2022]. [In Rus.]

[8] Badmaeva N.C. Vliyanie motivacionnogo faktora na razvitie umstvennyh sposobnostej: Monografiya(The influence of the motivational factor on the development of mental abilities) – Ulan-Ude, 2004. S.151-154. [In Rus.]

ЗНАЧИМОСТЬ ВЫБОРА АБИТУРИЕНТОМ БУДУЩЕЙ ПРОФЕССИИ

*Асылбекова С.К.¹, Давлетова А.Х.²

*¹докторант, ЕНУ имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

e-mail: asylbekova_sk@mail.ru

² к.п.н., и.о. доцента, ЕНУ имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

e-mail: ainash_5@mail.ru

Аннотация. В данной статье рассматриваются вопросы профориентационной работы казахстанских школ и вузов, освещены основные правила и порядок проведения данной работы. Целью статьи является исследование проводимых мероприятий при поступлении в вузы, изучены и представлены методы и рекомендации, применяемые за рубежом. Предложен тест на «Определение профессиональных склонностей» для учащихся старших классов (включая выпускников школ и абитуриентов) от известного литовского психолога Л. Йовайши в модификации Г. Резапкиной. Представлены различные методы определения мотивации к обучению. На основе анализа в качестве наиболее подходящего был выбран метод, предложенный А.А. Реаном и В.А. Якуниным. Далее по данной методике было проведено исследование в форме анкетирования среди докторантов и магистрантов трех вузов Казахстана, целью которого было выявление, чем они руководствовались и на что опирались при выборе послевузовского образования. В этой статье в результате рассмотрения результатов обучающихся вузов, принимавших участие в опросе стало ясно, что с ними была проведена неправильная профориентационная работа в школьные годы. Видно, что выбор специальности – это не предпочтение самих абитуриентов, а выбор «помощников», в лице родителей, друзей и т.д. Проведен анализ и описаны основные этапы проведенного эксперимента. Полученные результаты подтверждают актуальность проводимого исследования. Вопрос, который обсуждается в этой статье малоизучен в нашей стране, и тем самым может быть использован как инструмент и оказать большую помощь выпускникам. То есть результаты исследований и применяемые методы помогут абитуриентам после окончания школы принять правильное решение в выборе будущей профессии.

Ключевые слова: профориентационная работа, абитуриент, профессиональная пригодность, способности, профессиональные способности, будущая профессия, конкурентоспособная личность, учебная мотивация

THE SIGNIFICANCE OF THE APPLICANT'S CHOICE OF A FUTURE PROFESSION

*Assylbekova S.K.¹, Davletova A.Kh.²

*¹doctoral student, ENU named after L.N.Gumilyov, Astana, Kazakhstan

e-mail: asylbekova_sk@mail.ru

²c.p.s., acting ass. professor, ENU named after L.N.Gumilyov, Astana, Kazakhstan

e-mail: ainash_5@mail.ru

Abstract. This article discusses the issues of career guidance work of Kazakhstani schools and universities, highlights the basic rules and procedure for conducting this work. The purpose of the article is to study the activities carried out when entering universities, methods and recommendations used abroad are studied and presented. A test for «Determining professional aptitudes» for high school

students (including school leavers and applicants) from the famous Lithuanian psychologist L. Jovaishi, modified by G. Rezapkina, is proposed. Various methods of determining motivation for learning are presented. Based on the analysis, the method proposed by A.A. Rean and V.A. Yakunin was chosen as the most suitable. Further, according to this methodology, a survey was conducted in the form of a questionnaire among doctoral students and undergraduates of three universities in Kazakhstan, the purpose of which was to identify what they were guided by and what they relied on when choosing postgraduate education. In this article, as a result of reviewing the results of university students who took part in the survey, it became clear that they had been wrong career guidance during their school years. It can be seen that the choice of specialty is not the preference of the applicants themselves, but the choice of "assistants", represented by parents, friends, etc. The analysis is carried out and the main stages of the experiment are described. The results obtained confirm the relevance of the study. The issue discussed in this article is little studied in our country, and thus can be used as a tool and provide great help to graduates. That is, the results of research and the methods used will help applicants after graduation to make the right decision in choosing a future profession.

Key words: career guidance, applicant, professional aptitude, abilities, professional abilities, future profession, competitive personality, educational motivation

Статья поступила 07.12.2023